

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернат КММ- де

Қашықтықтан өткен «Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

Өтілген күні : 07.09.2022 жыл

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесі мүшелері

Жиналыс төрайымы – С.Нұржанова

Хатшысы- Ж.Қалиева

Күн тәртібі:

1. «Мектеп парламенті» ұйымынан кеңес құрамына өкіл енгізу
2. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну
4. Мектеп директорының есебі

1.Тыңдалды:

1.1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының орынбасары А.Мусина - «Мектеп парламенті» ұйымынан кеңес құрамына өкіл енгізу:

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы. Бүгінгі таңда білім беру ұйымы қызметінің қазіргі жағдайында білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға байланысты мәселелер туындайды, онда тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар, студенттер мен ата-аналар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады. Биылғы 2021-2022 оқу жылында мектепте оқушылар парламенті құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Парламент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады. Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі. Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады. Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны. Парламент Президенті немесе мүшелерінен оқушылар педагогикалық кеңес, құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі және қамқоршылық кеңесіне өкіл ретінде қатыса алады, шешім қабылдау, дауыс беру т.б құқылы. Осыны негізге ала отырып, Қамқоршылық кеңеске өкіл ретінде мектеп президенті Ақмарал Дакаримова (10 сынып) және президент орынбасары Аружан Тишбекті (10 сынып) ұсынамын.»

2.2 Екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы С.Нұржанова- Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу :

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруда **Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын негізге аламыз»** Төрайым осы қағидалардың әрқайсысына тоқталып өтті. Қағидаға сәйкес қамқоршылық кеңесінің

мүшелерінің өкілеттілік мерзімі үш жылды құрайтындықтан осы кеңес мүшелері жұмыстарын әрі қарай жалғастыратынын айтты.

3.3. Үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы С.Нұржанова- Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну:

Кеңес төрайымы 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды.

4.4. Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Абдрахманов жаз айларындағы мектепті жөндеу жұмыстары жөнінде есеп берді. (Есеп қоса тіркеулі)

2. Сөз сөйлеушілер:

2.1. Қ.Бектұрғанова- кеңес мүшесі:


Бірінші мәселе бойынша Мектеп парламентінен ұсынылған екі оқушы мектеп президенті Ақмарал Дакаримова (10 сынып) және президент орынбасары Аружан Тишбекті (10 сынып) кеңеске өкіл ретінде енгізуге келісемін. 2022-2023 оқу жылы бойынша құрылған жоспар бекітілсін. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын бекітілген қағидаға сәйкес осы кеңес мүшелері бірігіп ұйымдастыруымыз қажет. Мектеп директорының есебін қанағаттанарлық деп есептеймін

3. Қабылданған шешім:

1. Мектеп парламентінен мектеп президенті Ақмарал Дакаримова (10 сынып) және президент орынбасары Аружан Тишбекті (10 сынып) Қамқоршылық кеңеске өкілдікке енгізілсін.

2. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына құрған жоспары бекітілсін, жұмысы әрі қарай жандандырылсын.

3. Мектеп директоры Қ.Абдрахмановтың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  С.Нұржанова

Хатшы:  Ж.Қалиева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:  Ж.Азимбеков

 А.Зейнелғабдин

 А.Мажитова

 Ж.Нокербекова

 Қ.Бектұрғанова

 Е.Сюндиков

 Ж.Тиштық

 А.Таукеева